

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлерінің еңбек нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 625 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 942 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлерінің еңбек нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 625 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17852 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің үлгілік еңбек нормасы мен нормативін бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 101-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің үлгілік еңбек нормасы мен нормативі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлерінің еңбек нормаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің инфрақұрылымы объектілеріне, автомобиль және арнайы техникасына техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлердің үлгілік еңбек нормасы мен нормативі".

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник

Р. Жақсылықов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі